# Magjan juldyzy

6+

Мағжан Жұмабаев ауданының газеті ● 2008 жылдың ІІ шілдесінен шығады ● № 28 (775) 13 шілде 2023 жыл

www.facebook.com/ Magzhan zhuldizi https://vk.com/ Magzhan zhuldizi e-mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz


ЖҰМЫС САПАРЫ

## ХАЛЫҚ ҚАЛАУЛЫЛАРЫ ЖҰМЫС САПАРЫМЕН АУДАНЫМЫЗҒА КЕЛДІ

***11 шілде күні жұмыс сапары аясында Мағжан Жұмабаев ауданында Қазақстан Республикасының Парламенті Сенатының депутаты Әсем Рахметова және Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің депутаттары Дмитрий Колода мен Еркебұлан Мамбетов болды.***



Сапардың басты мақсаты - әлеуметтік маңызы бар нысандарды жөндеу жұмыстарымен танысу, Мағжан Жұмабаев ауданы бойынша 2023-2027 жылдарға арналған «AMANAT» партиясының «Халықпен бірге» сайлауалды бағдарламасын орындау бойынша жол картасының іске асырылуына талдау жасау.

Ең алдымен депутаттар сапарларын Мағжан Жұмабаев ауданының кәсіптік даярлау және сервис колледжінен бастауды жөн көріп, қандай мамандықтарды оқытатынымен, қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілуімен танысты.

Содан кейін олар №2 Булаев орта мектебіне бет алып, жиналған тұрғындардың сауалдарына жауап берді. Қойылған сұраққа депутаттар сол жерде жауап беріп, көтерілген мәселелер алдағы уақытта шешімін табатынын жеткізді.

Келген қонақтарымыз осы жерден тоқтап қана қоймай әрі қарай бет алып, Булаев қаласындағы салынып жатқан 45 пәтерлі үйдің құрылысымен танысып, мердігер мен жұмысшыларға тапсырмалар жүктеп, шартты құжатта белгіленген күнге дейін құрылысты аяқтап, пәтер иелеріне берілсін деп тапсырды.

Сапар соңында халық қалаулылары Полтавка ауылына барып, фельдшерлік-акушерлік пунктінің күрделі жөндеуімен танысты. Медицина қызметкелерімен кездескен депутаттар мұндай нысандардың халық үшін сапалы қызмет ететініне сенім білдірді.

## АУДАН ӘКІМДЕРІН СЫНҒА АЛДЫ

**Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің жедел отырысында жергілікті атқарушы органдардың халықты жұмыспен қамту бойынша атқарып жатқан шаралары талқыланды. Өңір басшысы Айдарбек Сапаров халықпен жұмыс нашар жүргізіліп жатқанын айтты.**

Облыс әкімі мемлекет тарапынан халықты жұмыспен қамтуға қажетті шаралардың қабылданғанын атап өтті. Соның ішінде бизнес-бастамаларды жүзеге асыру үшін өтеусіз гранттар беру, жастарға шағын несие беру, субсидияланатын жұмыс орындары, қайта даярлау мүмкіндігі қарастырылған.

«Халықпен жұмыс әлсіз. Аудандарда да бұл жұмыс өз деңгейінде жүргізілмейді. Бізде 14 мың жұмыссыз, 10 мың бос жұмыс орны бар. Мемлекет тарапынан несие, шағын несие, грант, 100 мың теңгеге дейін жалақыны субсидиялау сияқты барлық қажетті жағдай жасалған. Бірақ ешқандай нәтиже көрінбейді. Адамдар жұмыссыз отыр. Аудан әкімдері, мемлекеттік бағдарламалардың барлығын білесіздер – бірақ даму жоқ. Яғни, жұмыспен қамту, жаңа өндірістерді ашу, инвестициялық жобалармен айналыспайсыздар. Мемлекет қажеттінің бәрін жасады, тек жұмыс істеу керек», – деді Айдарбек Сапаров.

Облыс әкімі Аграрлық несие корпорациясы басшысының назарын шағын несие беру шарттарына аударды. Берілген несиелер мен кепілзаттарды талдауды тапсырды.

Жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Ринат Елжасовтың айтуынша, жыл соңына дейін 10 635 жұмыс орны ашылуы тиіс. Оның ішінде 10 052 инвестициялық жобаларды жүзеге асыру арқылы. 1 шілдедегі жағдай бойынша жоспарланған саннан 6392 жаңа тұрақты жұмыс орны ашылды. Оның 2100-і жаңа өндірістерді іске қосу есебінен ашылған.

«Халықтың әлеуметтік осал топтары үшін жаңа бизнес-идеяларды жүзеге асыру үшін ағымдағы жылы 404 млн теңгеге 292 грант беру жоспарлануда. 236 млн теңгеге 178 грант берілді, орташа грант 1,3 млн теңге. Жылдық 2,5%-дан 130 жасты шағын несиелеуге 650 миллион теңге қарастырылған. 235,8 млн теңгеге 53 несие берілді», — деді Р.Елжасов.

3,2 мың адам субсидияланатын жұмыс орындарына жіберілді. Кәсіптік оқытуға – 191, «Бастау бизнес» жобасы бойынша – 1,3 мыңға жуық адам. Атаулы әлеуметтік көмек алушылардың 1812-сі еңбекке қабілетті жастағы азаматтар. Жыл басынан бері 288 аз қамтылған азамат жұмысқа орналастырылды.

«2021-2022 жылдардағы жұмыссыздық деңгейі республикалық деңгейде сақталып, 4,9%-ды құрайды. Жастар арасындағы жұмыссыздықтың өңірлік деңгейі 2021 жылы 2,9%-ды құрады, бұл республикалық көрсеткіштен 0,8%-ға төмен. 2022 жылдың қорытындысы бойынша 0,7 пайызға өсім бар», — деп қосты Р.Елжасов.

Облыс әкімі жас санаты 35 жасқа дейін көтерілгендіктен жастар тобындағы адамдардың саны артқанын еске салды. Бірақ бұл ретте де оларды жұмыспен қамту үшін мемлекеттік қолдау шаралары жеткілікті.

«Жыл соңында жұмыссыздық 4,5 пайыздан аспауы керек. Аудан әкімдеріне тізімде тұрған жұмыссыздармен жиын өткізуді тапсырамын. Жұмыс берушілер жалақыны көтеру үшін не істеп жатқанын біліңіздер», — деді Айдарбек Сапаров.

## СҚО ОРМАН ШАРУАШЫЛЫҚТАРЫНЫҢ МАТЕРИАЛДЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ БАЗАСЫ НОРМАҒА 87% САЙ

***Қазіргі уақытта орман шаруашылықтарының жалпы материалдық-техникалық жарақтандырылуы нормаларға 87% сай. Бұл туралы Солтүстік Қазақстан облысы Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының басшысы Бейбіт Исманов айтты.***

Бейбіт Исмановтың айтуынша, өңірде орманды қорғау және молықтырумен 12 орман шаруашылығы айналысады. Президенттің елімізде 2 млрд ағаш отырғызу жөніндегі тапсырмасына сай былтыр орман мекемелері 1652 га алқапта 6,9 млн дана қайың мен қарағай көшетін екті.

Биыл жоспар бойынша 4100 гектар жерге ағаш отырғызу қажет. Көктемде орманшылар 1643 га аумаққа 7,7 млн көшет еккен.

«Деректер қолжетімді, ол орман отырғызудың республикалық интерактивті картасына енгізіледі.

Ормандарды өрттен және орман зиянкестерінен қорғау үшін өзара іс-қимыл жоспарлары, әкімдіктің өрттің алдын алу туралы қаулысы қабылданды, сондай-ақ Ресейдің шекаралас облыстарындағы әріптестермен бірлескен жұмыс бойынша келісімдер жасалды. Зиянкестер мен ауру ошақтарына орманпатологиялық мониторинг жүргізіледі.

Орман қорының аумағы 16 интерактивті бейнебақылау жүйесімен бақыланады. Өрт жағдайын назарда ұстау үшін 2 дрон пайдаланылады», — дейді Бейбіт Исманов.

Басқарма басшысының айтуынша, орман шаруашылықтарында 16 өрт сөндіру станциясы, 25 өрт сөндіру автомашинасы, 87 трактор, патрульдік автомобильдер мен радиобайланыс құралдары бар.



«2021-2022 жылдары орман шаруашылықтарының материалдық-техникалық базасын нығайту үшін жергілікті бюджет есебінен 21 трактор, 14 тіркеме және өрт модулі сатып алынды. Биыл 131 млн теңгеге 8 тіркемелі өрт модулін сатып алу үшін қосымша қаражат бөлінді.

Қазіргі уақытта орман шаруашылықтарының жалпы материалдық-техникалық жарақтандырылуы нормалар мен нормативтердің 87% сай», — дейді Бейбіт Исманов.

## ҚАЗАҚСТАНДА ПОЙЫЗ БИЛЕТТЕРІН САТУДЫҢ ЖАҢА ЕРЕЖЕЛЕРІ КҮШІНЕ ЕНДІ

**27 маусымда Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің 2023 жылғы 9 маусымдағы бұйрығы күшіне енді, ол «Қазақстан Республикасында темір жол көлігінде жол жүру құжаттарын (билеттерін) сатуды ұйымдастыру қағидаларына» өзгерістер енгізді.**

Атап айтқанда, билеттерді сату уақыты өзгерді. Енді олар келесі шарттарда жүзеге асырылады:

жолаушылар пойыздары үшін — сату режиміне немесе орындардың болуына қарай (бұрын осы кезең) жолаушылар пойызының, тікелей вагондардың қалыптасу немесе айналым пункттерінен, аралық станциядан пойыз жөнелтуге дейін кемінде 45-тен 1 тәулік бұрын пойыздың жөнелтілуіне дейін 45 күн болды);

қала маңындағы пойыздар үшін – 10 күннен 1 күнге дейін (бұрын бұл пойыз жөнелтілгенге дейін 10 күн бұрын болатын).

Бұл ретте, билеттерді сату пойыздың жөнелтілуіне 10 минут қалғанда тоқтатылатыны көрсетілген. Ереженің алдыңғы нұсқасында пойыз жөнелтуге 5 минут қалғанда айтылған.

Бұрын жөнелтілетін пойызға билетті ауыстырып және қайта ресімдей отырып, пойызға билеттерді сату жолаушының осы станцияға келуі мен оның осы станциядан кету уақыты арасындағы кемінде 1 сағаттық айырмашылықты ескере отырып жүзеге асырылады. Қолжетімділігіне байланысты. (Бұрын айырмашылық кемінде 3 сағат болатын).

Сонымен қатар, егер билет интернет-ресурстар, электронды терминалдар және фискалдандырылған билет сату кешендері арқылы берілсе, онда жол жүру құжатының сериясы немесе нөмірі көрсетіледі. (Бұрын сериясы да, билет нөмірі де көрсетілген).

Сондай-ақ, түзетулер мұндай билетке қауіпсіздік кодын қолдану талабын жойды.

**Аманжол НҰРТАЗИН.**


ХАБАРЛАНДЫРУ

**Құрметті Мағжан Жұмабаев ауданының тұрғындары!**

2023 жылғы 14 шілдеде сағат 11:00 де Мағжан Жұмабаев атындағы аудан прокуратурасының ғимаратында Солтүстік Қазақстан облысының прокуроры Қайрат Әлиханұлы Әбдіханов аудан тұрғындарының жеке қабылдауын өткізеді.

Жеке қабылдауға алдын ала жазылуға арналған телефон 2-15-72.

**Мағжан Жұмабаев ауданының прокуратурасы.**

# БІРҚАТАР НЫСАНДАРДЫ АРАЛАДЫ





***Өткен аптада «AMANAT» партиясы облыстық филиалының жаңадан сайланған атқарушы хатшысы Жеңіс Асанов ауданымызға ат басын тіреп, бірнеше әлеуметтік нысандарды аралады.***

Алдымен ол Аққайың ауылдық округіндегі Октябрь ауылына барып, мектептің жөндеу жұмысының сапасымен және салынып жатқан мердігер мен жұмысшылар қауымымен танысып, біркатар тапсырмалар жүктеді.

- Жасалынып жатқан игі істің бастамасы жақсы. Алдағы уақытта жұмыс кестесінен қалмай, жөндеуді белгіленген кезеңде аяқтасаңдар нұр үстіне нұр болар еді. Бастаған жұмыстарыңызды 1 қыркүйекке дейін аяқтап, елдің алғысын алуларыңызға тілектеспін, – деді Жеңіс Асанов.

Партия өкілінің жұмыс сапары одан әрі Булаев қаласындағы аудандық ауруханаға жалғасып, ауруханаға қанша адам келіп емделетінін және қызметшілердің көкейлерінде жүрген сауалдарын тыңдап, олармен кездесу ұйымдастырды. Айта кетсек, жүздесу барысында барша қойылған сұрақтарға барынша шынайы жауап беріп, оларға әрқашанда қолынан келгенше қолдау көрсетінін жеткізді.

**Еркін ТӨЛЕГЕН.**

# ҚЫСТЫҢ ҚАМЫН ЖАЗ ОЙЛА

**Петропавл қаласына Энергетика министрі Алмасадам Сәтқалиев келіп, облыс басшылығымен кездесіп, «Севказэнерго» АҚ қарайтын ЖЭО-2-ні аралап, бүгінгі таңдағы жұмыс барысымен танысты.**



Оқырмандардың есіне сала кететін болсақ, былтырғы наурызда осы орталықтың бір мұржасы құлап, бір адам қаза тауып, бүкіл қала халқының алаңдаушылығын тудырған. Содан бері қала мен облысқа жылу мен жарық беретін жалғыз көз – ЖЭО-2 жұмысы Үкімет пен облыс басшылығының назарында. Жуырда ғана оған облыс әкімі Айдарбек Сапаров та барып, жағдайымен танысты.

Қазір құлаған мұржаны қалпына келтіру жұмыстары жүргізіліп жатыр. Кәсіпорын жұмысымен танысқаннан кейін Алмасадам Сәтқалиев облыс орталығының белсенді тұрғындарымен, мәслихат депутаттарымен С.Мұқанов атындағы облыстық кітапханада кездесіп, жағдайды баяндады және жиналғандарды мазалаған сұрақтарға жауап берді.

«Белгілі апаттан кейін министрлік Петропавлдың ЖЭО-2 орталығына тәуелсіз сарап комиссиясын жіберген едік. Олар барлық техникалық жағдайды анықтағаннан кейін орталықтың жұмысын қалпына келтіру бойынша Жол картасы дайындалды. Оны іске асыруға 2022 жылы 6,3 млрд теңге бөлінсе, биыл тағы да 5,3 млрд теңге қарастырылды. Биыл жол картасы бес блокқа бөлінген. Олардың бәрі ЖЭО жұмысын алдымыздағы жылыту маусымына уақытылы, сапалы дайындауға бағытталды», деді министр.

Министрдің сөзінен әрбір блоктың атқаратын жұмысы да белгілі болды. Алғашқы блок құлаған №1 мұржаның орнын тегістеуге бағытталған. Ол жұмыстар биыл толық аяқталып, жаңа мұржаны қалау жұмыстары басталып кеткен. Сонымен бірге осы блокта №2 мұржаны күрделі жөндеуден өткізу және №3 мұржаның жағдайын толық зерттеу жұмыстары қамтылған.

Жол картасының екінші блогы бас корпусты толық қалпына келтіру мен №4 және 5-қазандықтардың қалыпты жұмыс істеуіне мүмкіндік беретін газдың №2 мұржаға өтуін қамтамасыз ететін уақытша газ құбырын салуды жоспарлаған. Қазір бұл жұмыстар толық аяқталыпты. Үшінші блок барлық қазандық және қосымша жарақтарды жөндеуді қамтыған еді. Қазір №9 және 11 қазандықтарды жөндеуден басқасы толық аяқталған, ал осы екеуіндегі жөндеу жұмыстары келесі айдың аяғында аяқталуға тиісті. Екі турбоагрегатты күрделі жөндеуден өткізу жұмыстары төртінші блокта қамтылған. Бүгінде ол жұмыстар толық аяқталған.

Бесінші блоктың жұмыстары былтыр құлаған №1 мұржаны жаңадан қалауды қамтиды. Қазір бұл жұмыс қызу жүріп жатыр. Оны аяқтау мерзімі 2024 жылдың 30 қыркүйегіне белгіленген.

Қазір жаңа мұржаның іргетасын қалау жұмыстары аяқталып қалды. Одан әрі темір-бетоннан құйылатын мұржаның өзінің құрылысы жалғасады. Сонымен бірге инвестициялық келісімде көрсетілген №2 қазандықтың құрылысын жаңғырту жұмыстарын жүргізу де жоспарланған», деді А.Сәтқалиев.

Дегенмен шаруаның бәрі белгіленген сызбамен шотқа қаққандай толық жүргізіліп жатқан жоқ. Министрдің айтуына қарағанда, №9 қазандықты жөндеу жұмыстары сызбадан артта қалған. Ал №1 қазандықты күрделі жөндеу жұмыстарын инвестор 2024 жылға шегеріпті, биыл тек ағымдағы жұмыстарды жасамақшы. «ЖЭО негізгі жабдықтарының тозуы 56 пайызға жеткендіктен күрделі жөндеуді кейінге қалдыруға болмайды», деді министр. Сонымен бірге облыс әкімдігіне күл төгетін алаңның жаңа секциясын салу үшін жер бөлуді тездету керектігі айтылды.

Тұрғындармен болған кездесуде А.Сәтқалиев «Севказэнерго» АҚ электр қуатын өндіруіне ең жоғарғы тарифке рұқсат берілгенін атап өтті. Нақты айтқанда, бір квт/сағаттың босатылу бағасы – 16,47 теңге. Бұл – былтырғымен салыстырғанда бір жарым есе артық.

**Жақсыбай САМРАТ.**

# БИЫЛ ЖҰМЫС КҮШІ ТАПШЫ ӨҢІРЛЕРГЕ БАСҚА ӨҢІРЛЕРДЕН 1 300–ДЕН АСТАМ ОТБАСЫ КӨШІРІЛДІ

***Жыл басынан бері жұмыс күші тапшы өңірлерге басқа өңірлерден 1 300-ден астам отбасы көшірілді. Бұл туралы Үкімет отырысында Премьер-Министр Әлихан Смайылов айтты.***

«Өңір әкімдері Өңірлік жұмыспен қамту карталарын бекіткен болатын. Биыл жұмысқа орналастыру бойынша жоспарлы көрсеткіш – 947 мың адам. Жергілікті жұмыспен қамту органдары «10 мың тұрғынға – 100 жұмыс орны» бастамасы бойынша субсидияланатын жұмыс орындары аясында белсенді жұмыс жүргізуде. Жұмыс берушіге адамдарды жұмысқа қабылдау тиімді болады. Өйткені, ол үшін жергілікті бюджеттен субсидия алады», - деді Үкімет басшысы.

Оның атап өтуінше, жыл басынан бері жұмыс күші тапшы өңірлерге басқа өңірлерден 1 300-ден астам отбасы көшірілді.

«Бұл – жақсы көрсеткіш. Сонымен қатар көшіп келушілердің жаңа жерде тұрақтап қалуға мүдделі болуы үшін олардың бейімделуіне көбірек көңіл бөлу қажет. 1-ші шілдеден бастап өңірлерде Еңбек ұтқырлығы орталықтары жұмыс істей бастады. Бүкіл республика бойынша жұмыс орындарының бірыңғай базасы құрылуда. Бұл азаматтардың тек қала немесе аудан шегінде ғана емес, сондай-ақ өз облысында немесе одан тысқары жерлердегі бос жұмыс орындарына жұмысқа тұруына мүмкіндік береді», - деді Әлихан Смайылов.

# ЖЫЛ БАСЫНАН ЖАСТАРҒА 1,5 МЫҢ МИКРОКРЕДИТ БЕРІЛДІ

**Жыл басынан бері 5 мыңнан астам грант және жастарға 1,5 мыңнан астам микрокредит берілді. Бұл туралы Үкімет отырысында Премьер-Министр Әлихан Смайылов айтты.**



«Өз ісін дамыту үшін микрокредиттер мен гранттар беру бойынша кешенді жұмыс жүргізілуде. Бүгінгі күні 5 мыңнан астам грант және жастарға 1,5 мыңнан астам микрокредит берілді. Конкурстық негізде жас кәсіпкерлерге жылдық 2,5 пайызпен жеңілдікті кредит берілуде», - деді Үкімет басшысы.

Оның атап өтуінше, тұрақты және мемлекет субсидиялайтын жұмыс орындарына жұмысқа тұру мүмкіндігі, қайта білім алу, бизнесті дамытуға мемлекеттік грант немесе микрокредитті қалай алуға болатыны туралы ақпараттық-түсіндіру жұмыстары күшейтілді.

«Аталған шаралардың барлығы халықтың тұрмыс сапасын жақсартуға бағытталған», - деді Премьер-Министр.

Осыған дейін еңбек биржасы арқылы 124 мың азамат жұмыс тапқанын жаздық.

# ТҰТЫНУШЫНЫҢ ЭЛЕКТРМЕН ЖАБДЫҚТАУ ЖЕЛІЛЕРІНЕ ҚОСЫЛУ РӘСІМДЕРІ ЖАҚСАРДЫ

Әлемдегі 190 елдеріндегі Дүниежүзілік банктің аналитиктер тобы жыл сайын қолайлы жағдайда бизнестің жүргізілуіне зерттеу жүргізеді. Дүниежүзілік банктің сарапшылары кәсіпкерлердің реформалары нақты ел үкіметімен өткізілетін сауалдамада қатысушылардың пікірін салыстыру негізінде талдау өткізіледі. Осындай объективті талдау оның немесе басқа елдің инвестициялық тартымдылық экономикасын және бәсекелес дәрежесінің артықшылығын анықтауды мүмкіндік береді. Зерттеуде сондай-ақ, іскерлік ахуалының мұнан ары дамуының жолы, оларды еңсеру ұсыныстары, кәсіпкерлік дамуда кедергілерінің себептері көрсетіледі.

«DoingBusiness» Дүниежүзілік банктің рейтінгісінде, мемлекет басшысымен Қазақстан 30 елдің қатарына кіріуіне міндеттелді, еліміздегі бизнес-климатты жақсарту үшін, үкіметпен айтарлықтай көп жұмыстар жүргізілуде.



«Doing Business-2020» баяндамасына сәйкес, 28 орынннан 25-ке көтерілді. Өткен жылмен салыстырғанда Қазақстан өз көрсеткіштерін 3 тармаққа жақсартты. Сарапшылар Қазақстан мемлекетінің Ресей, Қырғызстан, Тәжікстан, Украина және Өзбекстан елдерінен алға озып шығуын белгіледі.

Қазақстан Дүниежүзілік банктің «Doing Business - 2020» халықаралық рейтингі есебінің «Электрмен жабдықтау желілеріне қосылу» индикаторы бойынша 67 орын алды (2018 жылы Қазақстан 76 орында болған).

Қазақстан Республикасы энергетика министрінің 2020 жылғы 6 ақпандағы № 43 бұйрығымен электрмен жабдықтау желілеріне қосылу процедурасын жеңілдету мақсатында келесі нормативтік құқықтік актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізілді:

• «Электр энергиясының бөлшек сауда нарығын ұйымдастыру және оның жұмыс істеуі, сондай-ақ осы нарықта қызмет көрсету қағидалары» ҚР ЭМ 2015 жылғы 20 ақпандағы № 111 бұйрығымен бекітілген,

• «Электр энергиясын пайдалану қағидалары» ҚР ЭМ 2015 жылғы 25 ақпандағы № 143 бұйрығымен бекітілген,

• «Электрмен жабдықтау үлгілік шарттары» ҚР ЭМ 2017 жылғы 23 қазандағы № 356 бұйрығымен бекітілген.

• Бұйрықпен келесі өзгертулер мен толықтырулар алдын ала қарастырылған:

• тұтынушының электрмен жабдықтау келісімшартына нақты қол қою қажеттілігін жою;

• тұтынушыға (жеке және заңды тұлғалар) электрмен жабдықтау жүйесіне қосылу үшін «бір терезе» арқылы құжаттарды ұсыну мүмкіндігі;

• электрмен жабдықтау жүйесіне қосылу үшін құжаттар санын азайту;

• энергиямен жабдықтау ұйымын өзгерту жағдайларын жақсарту;

• техникалық шарттарын алу мерзімдері мен құжаттарын қысқарту;

• тұтынушының жобалық құжаттамасын энергия беруші ұйымдарымен келісу үшін норманы алып тастау;

• тұтынушы мен энергия жабдықтаушы ұйымдар арасында төлем құжаттарының түбіртектерін тапсыратын қағаз құжат айналымының қысқаруы;

• тұтынушы тұтыну шарттарын бұзған жағдайда қайта есептеу жағдайларын жақсарту (қайта есептеу өшірусіз жүзеге асырылады).

«Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 27 желтоқсандағы № 204-VI ҚРЗ Заңының (әрі қарай - Заң) 11-тармағына сәйкес, табиғи монополия субъектісінің желілеріне қосуға немесе реттеліп көрсетілетін қызметтің көлемін ұлғайтуға арналған техникалық шарттарды беруге өтініш бес жұмыс күні ішінде қаралады, техникалық шарттарды алу мерзімі 14 күннен 5 жұмыс күніне қысқартылды. Техникалық шарттарды беру және қайта рәсімдеу үшін ақы алынбайды.

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі № 242«Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы»Заңының 68-бабына және Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 17 сәуірдегі № 194-V«Жол жүрісі туралы» Заңының 68-бабына өзгерістер енгізіліп, тұтынушыларға өз уақытын жұмсамау үшін, мердігерге асфальтталған жол бөлігімен қоса, құрылыс-монтаждау жұмыстарын басталу туралы хабардар жолдауға рұқсат берілген.

Сонымен қатар, мемлекеттік энергетикалық қадағалау мен бақылау бойынша органынан электр желісіне қосылуға рұқсат алу қажеттілігі жоқ.

**Николай БОРЗИЛОВ,**
**«ҚР ЭМ Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша аумақтық департаменті» ММ-сі басшысы.**

# ӘДЕП ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛ КІМ?



***Әдеп жөніндегі уәкіл - қызметтік әдеп нормаларының сақталуын және Мемлекеттік қызмет, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнаманы және Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексін бұзушылықтардың профилактикасын қамтамасыз ету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын, сондай-ақ өз функциялары шегінде мемлекеттік қызметшілер мен азаматтарға консультация беретін мемлекеттік қызметші. «Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша аумақтық департаменті» ММ (бұдан әрі - Департамент) Әдеп жөніндегі уәкілінің функциялары басшы Николай Павлович Борзиловқа жүктелген, байланыс телефоны: 8(715)2-36-20-94.***

Сонымен қатар, Департаменттің әдеп жөніндегі уәкілі 1-жартыжылдықта келесі жұмыстарды жүргізді:

- мемлекеттік қызметшілердің әдеп деңгейін нығайту саласында азаматтардың теріс әрекеттері бойынша мониторинг жүргізілді және Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 153 Жарлығымен бекітілген Әдеп кодексі (Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп қағидалары) және Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасы қосымша зерделеніп, талқыланды.

- түсіндіру жұмыстарын жүргізу мақсатында Мағжан Жұмабаев атындағы ауданға және Есіл ауданына барып профилактикалық іс-шаралар жүзеге асырылды. 3 азамат жеке қабылдауға қабылданды және белгіленген мерзімде өтінішке жауап жіберілді.

- Департаменттің 2 мемлекеттік қызметшісімен жұмыста және қоғамдық орындарда қызметтік әдеп пен корпоративтік мінез-құлық мәдениетін сақтау мәселелері бойынша әңгімелер өткізілді.

- Департаменттің мемлекеттік қызметшілерімен әдепті нығайту бойынша «Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Медиацияны дамыту саласындағы ынтымақтастық туралы Меморандум» тақырыбында Солтүстік Қазақстан облысы бойынша «Халықаралық Медиация орталығы» РҚБ директорының қатысуымен кеңестер өткізілді – Дауларды (жанжалдарды) шешудің балама тәсілі ретінде медиацияны дамыту саласындағы ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойылды, меморандумның мақсаты медиацияны дамытуды және қызметтің конструктивтілігі, ашықтығы мен тиімділігі қағидаттарында жанжалдарды шешудің басқа да баламалы тәсілдерін қамтамасыз ету бойынша бірлескен және келісілген іс-қимылдарды жүзеге асыру болып табылады.

- әлеуметтік Facebook, Twitter, Instagram желілерінде 10 мақала жарияланды.

- Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасын және Әдеп кодексін сақтау мәселелері бойынша 25-кеңес өткізілді.

- СҚО бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл департаментінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет инспекторы С.Н. Зайцеваның қатысуымен Департамент қызметкерлерімен «Мемлекеттік органдардағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет» тақырыбында кеңес өткізілді.

**Николай БОРЗИЛОВ,**
**Департаменттің әдеп жөніндегі уәкілі.**

МАМАН КЕҢЕСІ

# БОТУЛИЗМНІҢ АЛДЫН АЛУ

***Ботулизм бұл - орталық жүйке жүйесіне әсер ететін ауыр өлімге әкелетін тамақтан улану.***

Ботулизм ботулинум таяқшасының токсиндері бар тағамдарды жеген кезде пайда болады. Бұл микроорганизмнің споралары топырақта кездеседі және тамақты жермен ластауы мүмкін. Споралар өнімдерді бөлме температурасында сақтау және өнімдерді термиялық өңдеудің жеткіліксіздігі кезінде пайда болады. Ал өнімдерде, оның ішінде консервілерде оттегі болмаған кезде микроорганизм шығаратын ботулинум токсинінің жиналуы жүреді.

Балық арқылы ботулизммен улану тек үйде дайындалған түздалған балықты тұтынған кезде пайда болады. Бұл қайнатылған немесе қуырылған балықта термиялық өңдеу кезінде токсин жойылатындығына байланысты. Түзды балық өнімдері термиялық өңдеусіз тұтынылады. Тірі балықтың ішектерінде ботулизм таяқшасы сирек кездеседі, ал жаңадан өлген (ұйықтап қалған) балықтарда жиі кездеседі. Ұйықтап жатқан балықта токсиннің түзілуі тез жүреді, ол тіпті тұздың жоғары концентрациясының әсерінен жойылмайды.

Ботулинум токсині " ұя " тағамында, яғни аймақтарда жиналады, тағамның дәмін, иісі мен түсін өзгертпейді. Консервілерде бомбалау дамуы мүмкін (банкалардың ісінуі), сондықтан мұндай өнімді пайдаланған адамдардың бір бөлігі ауырып қалуы мүмкін, ал бір бөлігі ауырмайды.

Ботулинум токсині тұздалған, мұздатылған, маринадталған кезде ыдырамайды. Қайнау токсинді 15-30 минуттан кейін бұзады. ботулинум токсинімен ластанған ет немесе балық бөліктерін толығымен залалсыздандыру үшін кем дегенде бір сағат пісіру керек.

Ботулизмнің алғашқы белгілері-көру қабілетінің нашарлауы ("тор"," тұман", қосарланған көру, қабақтың түсуі), ауыздың құрғауы, сөйлеудің өзгеруі, бас ауруы және бұлшықет әлсіздігі. Бастапқы кезеңде жүрек айнуы, құсу, кейде іштің ауыруы мүмкін. Дауыс әлсірейді, сөйлеу бұзылады, жұту және тыныс алу қиынға соғады. Тыныс алу тоқтап өлімге әкеледі.

Алғашқы белгілерде медициналық көмекке жүгіну керек және өзін-өзі емдемеу керек.

Денсаулықты сақтау мақсатында біз балықты аулағаннан кейін тез ішіп, ағынды сумен шайып, суық жағдайда сақтауды ұсынамыз. Тұздың үлкен бөліктерінде тұздалуы керек, тұздану технологиясын сақтау керек, тұздану уақытын қысқартпаңыз және оны 50С-тан аспайтын температурада жүргізіңіз. уылдырықты тұтынбаған дұрыс.

Үйде консервілеуді дайындаған кезде келесі ережелерді ұстануға кеңес береміз:

- көкөністерді, жемістерді, жидектер мен саңырауқұлақтарды бүліну және шірік белгілерімен ұзақ уақыт сақталса, қолдануға болмайды;

- саңырауқұлақтарды жерден жақсылап жуу керек; - саңырауқұлақтарды тұздауды герметикалық жабық банкаларда жасауға болмайды, тұзды ерітіндіге өсімдік майын қосуға болмайды, өйткені бұл оттегісіз орта жасайды; - банкаларды, қақпақтарды зарарсыздандыру ережелерін және үйде өнімдерді термиялық өңдеу режимін қатаң сақтау керек; - жалпы қабылданған пісіру технологиясын бұзуға болмайды: тұз, сірке суын азайту, термиялық өңдеу уақытын қысқарту.

Үйдегі консервілерді төмен температурада сақтау керек, ісінген банкаларды алып тастау және жою қажет.

Базарларда, рұқсат етілмеген сауда орындарында үйде дайындалған тұздалған балықты, кептірілген етті, консервіленген саңырауқұлақтарды немесе қақпағы оралған банкалардағы көкөністерді сатып алуға қатаң тыйым салынады.

Осы ұсыныстарды ұстану арқылы сіз ботулизм ауруынан аулақ бола аласыз, өзіңізді және жақындарыңызды сақтай аласыз!

**Күлсара ӘЛЖАНОВА,**
**Мағжан Жұмабаев ауданының санитариялық-эпидемиологиялық басқармасының бас маманы.**

# ХАБАРЛАНДЫРУ

"Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Солтүстік Қазақстан облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті Мағжан Жұмабаев ауданының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы" РММ хабарлайды: Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 16 мамырдағы № 202-V ҚРЗ Заңына сәйкес. 17-баптың" Рұқсаттар және хабарламалар туралы". Рұқсат беру және хабарлама жасау тәртібі туралы жалпы ережелер.

1. Қызметтің немесе әрекеттердің (операциялардың) жекелеген түрлерін бастау және кейіннен жүзеге асыру үшін жеке және заңды тұлғалардың осы Заңда белгіленген тәртіппен хабарламаларды қабылдауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдарға жарамды рұқсаты болуы немесе хабарлама жіберуі міндетті.

2. Жеке және заңды тұлғалардың осы Заңда рұқсат беру немесе хабарлама жасау тәртібі белгіленген қызметті немесе әрекеттерді (операцияларды) тиісті рұқсат алмай немесе тиісті хабарлама жібермей жүзеге асыруына жол берілмейді.

3. Рұқсатты жеке немесе заңды тұлғалар алуы және жарамды болуы тиіс, ал хабарламаны осы Заңға қатысты рұқсат беру немесе хабарлама жасау тәртібі белгіленген қызметті немесе әрекетті (операцияны) жүзеге асыру басталғанға дейін жеке немесе заңды тұлға жіберуі тиіс.

"Санитариялық-эпидемиологиялық жоғары эпидемиялық маңызы бар объектінің сәйкестігі туралы қорытындылар санитариялық-эпидемиологиялық саладағы нормативтік құқықтық актілерге "(бұдан әрі-объектілерге мемлекеттік көрсетілетін қызмет) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің санитариялық-эпидемиологиялық бақылау Комитетімен және оның аумақтық бөлімшелерімен (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы көрсетіледі www.egov.kz, www.elicense.kz (бұдан әрі – портал).

**Мағжан Жұмабаев ауданының санитариялық-эпидемиологиялық басқармасы.**

13 ШІЛДЕ - ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК ОРГАНДАРЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІ

# ДҮНИЕГЕ КЕЛГЕН КҮНІ - 13 ШІЛДЕ. ОСЫЛАЙ БАСТАЛҒАН

1992 жылғы 9 мамырдағы Алматы таңы мерекеге мүлдем ұқсамайтын. МҚК ғимаратының қарсы бетіне жиналған қалалық агрессивті көңіл-күйдегі топ Ф.Э. Дзержинский ескерткішін қалайда талқандау керек деген бір ғана, бірақ «қызу идеяға» бекініп тұрды. Тез арада және бүгін! Қазір ғой, ата-тегіне деген соқыр сенім мен желікпе жүгіріс анахронизм ретінде қабылданады, ал ол кезде жағдай басқаша еді.

Трос дайындалып, жүк машинасы келді… Қарапайым мүсіннің мықтылығы шамалы болып шықты. Лақтырылған шалма Темір Феликстің «басын» жұлып түсіп, жиналғандар бір шулап басылды.

Одан кейін қысқаша сипатта митинг өтіп, МҚК Орталық аппаратының ғимаратына шабуыл жасау керектігі жөнінде үндеу тасталды. Агенттердің тізімін көрсетуді, Ішкі істер халық комиссариатының құжаттарын толық жариялауды талап етті.

Жағдай ушығып бара жатты. МҚК ғимаратына арнаулы жасақ бекінді, дегенмен…

Ел басшыларының жағдайды қантөгіске жеткізбеуге деген күш-жігері мен саяси көрегендігі осы жерден көрінді.

Бүгінде, Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы Қазақстан стратегиясы бірегей деп танылғанда… Заңнамалық және нормативтік база дайындалып, ҰҚК органдарының қызметін азаматтық ашық алаңға алып шыққан кезде… Біз сол бір аласапыран жылдардағы Тұңғыш Президенттің іс-қимыл қисынын дұрыс түсініп, еңбегін лайықты бағалауымыз керек. Сондай-ақ ғаламат өзгерістер мен адамзат аңсауының елесінде өмірге келген еліміздің басты арнаулы қызметінің қайталанбас тарихына заман лебімен шолу жасап көрейікші. 1992 жылғы 13 шілдеде ел Президенті «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қауіпсіздік комитетін қайта құру туралы» Жарлыққа қол қойды. Жаңа мемлекеттіліктің негізін қалай бастаған Нұрсұлтан Назарбаев ондағы арнаулы қызметтің функционалдық міндетін нақты белгілеп, түсіне білді.

Осы бір ғажайып құжаттың өмірге келу тарихы да есте қаларлықтай еді.

Сол бір алыс та, беймаза уақытта дұрыс және лайықты шешім қабылдап қоя салу жеткіліксіз болатын. Оны жүзеге асырып, өркениетке лайықты тұрмыстық бейнесіне келтіру бәрінен де маңызды еді. Тәтті қиялды жүзеге асырудың әрдайым сәті түсе бермейтін. Қайта құру халықтың сана-сезімінің оянуына жылдам әсер етіп, қоғамдық белсенділігін айтарлықтай өсірді. Жаңаөзендегі қоғамға қарсы қимылдар, Қарағанды көмір бассейндеріндегі кеншілердің ереуілдері, кейбір кәсіпорындардағы жұмысқа топ-тобымен шықпай қою, міне, осындай эмоциялық оқиғалардың барлығы шын мәнінде талай жылдар бойы шешілмей қалған мәселелер жиынтығымен астарласып жатты... Ұзақ жылдар бойы шешілмеген проблемаға халық шыдамады. Сезім жетегінде көп нәрсеге дайын еді…

Еліміздегі бірқатар партиялар мен қозғалыстардың демократияландыру мен жариялылық процестерін өздерінің имиджідерін жасауға пайдаланып жатқан кезде конструктивті реформа жүргізу тіпті күрделі еді. Мұндай қайраткерлер ұлттық мүдделерді басшылыққа алмайтын. Елімізде 1992 жылдың ортасына таман 150-ден астам қоғамдық бірлестік бар еді. Олардың сапында 500 мыңға жуық адам тұрды. Олардың бірқатарының іс-қимылы мемлекеттілікті нығайтуға, экономикалық және саяси мәселелерді шешуге бағытталса, басқа қозғалыстар, партиялар, топтардың көңіл-күй ауаны барлық мәселені рұқсат етілмеген митингтер, аштық жариялау арқылы және әкімшілік ғимараттарында пикет ұйымдастыру секілді қысым жасау жолымен шешуге арналып, жедел жағдайды ушықтырып жіберді. Ақылға сыймайтын талап қоюшылық, негізсіз айыптаулар, популистік ұрандар, қарсы қимылға шақыру – осының барлығы қазақстандық қоғамға, әсіресе жастардың ортасына өшпенділік уытын сеуіп жатты.

ҰҚК қызметкерлері бейберекеттікті болдырмау үшін қолдан келгеннің бәрін қолданды. Осындай айтып болмас шиеленісті жеңіп шығуға ел Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың үлгі-өнегесі ықпал етті. Бұл туралы генерал-лейтенант Б.А. Баекенов өзінің естеліктерінде, сұхбаттарында және мақалаларында талай мәрте атап өтті:

– Әсіресе тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында Нұрсұлтан Әбішұлының




тынбай еңбек етуіне тура келді, өйткені шешілмеген мәселе шаш етектен болатын. Не болып жатқанын көзбен көру үшін ол кісі жиі-жиі ел аралады. Күндіз жұмыс істеу үшін көбінесе түнде ұшатын. Тынымсыз еңбек етті: ұшақта, пойызда. Барлығын өзі арқылы өткізді, бұл дегеніңіз жүйкені жейтін жұмыс болатын!

Күрделі мәселеміз болса Мемлекет басшысы әрдайым шешуге тырысатын, сонымен бірге талапшыл еді, оған түсініксіз және нақты байламы жоқ нәрсені баяндау мүмкін емес-ті, ол біздің қызметтің барлық қыр-сырын жетік білетін.

Реформаторлық кезең аяқталған соң, 1992 жылғы 22 қаңтарда Б.А. Баекеновтің төрағалығымен Комитет алқасының бірінші отырысы өтті.

Бірінші кезекте, МҚК-нің 1991 жылы мемлекеттік қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша атқарған жедел-қызметтік жұмысының қорытындысы қаралды және 1992 жылға арналған тапсырмалар нақтыланды… «Ұлттық қауіпсіздік органдары туралы» Заңның әлі қабылданбаған кезі, сондықтан еліміздің басты арнаулы қызметінің қызметкерлерінің алдында тұрған міндеттер алқа шешімінде белгіленді. Оның ішінде, «күш-жігерді арнаулы қызметтердің бүлдіргіштік іс-әрекеттерінен республика халқын арашалауға жұмылдыру туралы» бұйрық берілді. Мемлекеттік және коммерциялық құпияларды қорғауға, маңызды деген халық шаруашылық нысандарындағы төтенше оқиғалардың алдын алу туралы қатаң талаптар қойылды. Алқа мәжілісінің қатысушылары республиканың егемендігі мен аумақтық тұтастығын сақтау, терроризмге қарсы күрес, ұлтаралық негіздегі жаппай тәртіпсіздіктердің алдын алу, республика азаматтарының конституциялық құқығы мен бостандығын қорғау бойынша жұмыстарды ерекше бақылауда ұстауды талап етті.

Комитеттің құрылымы да сол кезеңдегі күн тәртібінің басты мәселелерінің бірі болды. Сыртқы барлау қызметін ұйымдастыруға ерекше көңіл бөлінді. 1991 жылғы 18 қазанда Б.А. Баекенов сол кездегі Қазақ КСР МҚК Төрағасы болып тағайындалды. Ал жиырмасыншы қазанда Республикааралық қауіпсіздік кеңесінің (РҚК) мәжілісіне қатысу үшін Мәскеу қаласына ұшып келді.

РҚК-нің бірінші мәжілісінде республикалық комитет пен Республикааралық қауіпсіздік қызметінің өкілеттіктерін өзара ажырата отырып ынтымақтасу туралы келісімге қол жеткізілді. Барлау саласындағы ынтымақтастықты қамтамасыз ету қиындық туғызды, себебі, МҚК тарап кеткен, ал бұрынғы барлау басқармалары дербес қызметке айналып үлгерген.

– Біз КСРО РҚК құзырына кадрлар дайындау, арнайы техниканы өндіру мен жабдықтау және Мәскеуде орналасқан жалпы ақпарат банкін қолдану мәселесін қалдырдық, – деп Б. Баекенов ол күндерді еске алады, – өз тарапымыздан қарсы барлау, ұйымдасқан қылмыс және есірткі бизнесіне қарсы күрес саласында өзара ынтымақтасуға сөз байластық.

Бір қарағанда Келісім бар секілді, бірақ өмір заңы тез арада барлау қызметін құру керектігін білдіріп тұрды. Әрине, Комитетте барлау бөлімшелері болды, бірақ олар, жалпы айтқанда, жергілікті жердің позициясынан жұмыс істейтін. Тәуелсіздік жарияланып, ҰҚК құрылғаннан кейін Б.А. Баекенов әріптесі Е.М. Примаковқа хат жазып, кәсіби мамандардың ұшқан ұяларына оралуына рұқсат беруін өтінді. Барлаудың қыр-сырын білетін адамдар арнаулы қызметке ауадай қажет еді. Әрине, олар да Отан-ананың шақыруына үн қосты.

1992 жылы 5 желтоқсанда ҚР Жоғарғы Кеңесінің депутаттары дайындаған анықтама қағаз ҰҚК-ге келді. Әрине, онда ешқандай да қолпаштау жоқ еді.

Ал арада екі күн өткенде Жоғарғы Кеңестің Қауіпсіздік және қорғаныс жөніндегі комитетінің мәжілісінде Б.А. Баекеновтің баяндамасы тыңдалды. Арада бір жыл өткенде, 1993 жылдың қазан айында ҚР Жоғарғы Кеңесінде тағы бір рет баяндама жасауына тура келді.

Комитеттің бүкіл құрылымын құраған идеологиялық платформа әрдайым сындарлы сынға ұшырап отырды.

ҰҚК Төрағасы Б.А. Баекеновтің әрдайым өз сөзінде ҚР ҰҚК-нің ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелерін қатаң құқықтық шеңберде шеше алатын дербес мемлекеттік орган екендігін айтып, дәлелдеп отыруына тура келді. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін ҰҚК құрылымы мен функционалы түбегейлі өзгерді. Оның ішінде, сыртқы барлау қызметі қайта құрылды, қарсы барлау, жедел-техникалық және басқа да басқармалар нығайтылды. Ішкі резерв есебінен Экономикалық қауіпсіздік бас басқармасы, Сыбайлас жемқорлық пен контрабандаға қарсы күрес басқармасы құрылды.

Комитеттің жаңа міндеттері мен құрылымын ескере отырып, әскери қарсы барлау басқармасы, Шекара әскерлері бас басқармасы, Үкіметтік байланыс бас басқармасы және тиісінше оларға бағынысты әскерлер құрылды. Нормативтік актілер тиісінше Заңның және ҰҚК-ге жүктелген міндеттердің талаптарына сәйкес келтірілді: мыңнан астам осындай құжат қайта өңдеуден өткізілді.

ҰҚК мен ІІМ біріктіру туралы ақылға қонымсыз бастамалардан да Комитеттің қорғануына тура келді.

– ҰҚК құрамы Алматы қалалық ІББ құрамынан да шағын. Ал біріктіру дегеніміз не? Арнаулы қызметті төмендету, құпияларды ашу, мамандарды дағдарысқа түсіру еді. Шамам келгенше қарсы күрестім. «Құпияларды көрсетіңіз», – деген талаптар қойылды. Мен айттым: көрсетейік, бірақ сіздер одан бәрібір ештеңе де түсінбейсіздер, ештеңені де қолдана алмайсыздар, тек беделін түсіресіздер. Комиссия біздің ғимаратымызды аралап жүргенде, біз олар туралы деректі репортаж жүргізіп жаттық. Артынан оны бірден өздеріне көрсеттік. Комиссия бізді мойындады. Әрине, олар бөлмеде техника бар екендігін білді, бірақ қайда екенін таба алмады. Арнаулы қызметтер – плащ пен қанжарлы рыцарьлар. Алдымен – плащ, ал содан кейін ғана – қанжар, – деді Баекенов.

Жоғарғы Кеңестен тағы бір ұсыныс түсті: «…ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметіне қатысты үкіметтің және ҰҚК-нің заңға тәуелді актілерінің жобалары әуелі Жоғарғы Кеңестің Ұлттық қауіпсіздік және қорғаныс мәселелері жөніндегі комитетінде зерттеліп, талқылансын…».

Мұндай ұсынысқа Шекара қызметінің басшысы Б.С. Зәкиев түбегейлі қарсылығын білдірді. Ол мұндай қадамның әскери және мемлекеттік құпиялардың таралып кетуіне әсер ететіндігін сөзіне негіз етті.

Оны ҰҚК Төрағасының орынбасары Л.С. Дагаев қолдады. Ол кісі АҚШ Конгресінде арнаулы қызметтің жұмысын бақылайтын, Орталық барлау басқармасының бұрынғы қызметкерлерінен құралған арнайы топтың бар екендігін тілге тиек етті. Егер аса қажет болса американдықтардың тәжірибесін пайдалануға шақырды.

Неліктен Ұлттық қауіпсіздік комитеті деген атау таңдалды? Бұл сауалға жауапты талдаушылар әлі күнге дейін іздеп келеді.

Сонау 90-шы жылдардың басында ерінбеген адамның бәрі барлық кінәні МҚК-ге артатын. Бұрынғы Одақтың аумағында болып жатқан қысымшылыққа, жүгенсіздіктер мен арсыздыққа қызметкерлердің барлығы төзе алмады. Бұл сапта Қазақстан да бар еді.

Пікір жүгенсіздігі мен бейбастық жайлаған сол жылдардағы қоғамда Комитет үшін басты жұмыс азаматтардың МҚК-ге деген теріс көзқарасын жеңіп шығу болды. Қызметтің шектен тыс жабық жағдайда атқарылуынан МҚК де, одан кейін ҰҚК де ойларына келгендерін істейді деген пікір қалыптасқан еді.

Жаңа Заңды дайындау барысында МҚК атауын өзгерту туралы мәселе қойылды. Бұл аббревиатураның Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті деп оқылатындығын бәрі білетін, яғни, елдің және мемлекеттік органдардың қауіпсіздігі қамтамасыз етілді. Ал Ұлттық қауіпсіздік комитеті (ҰҚК) деген атаудың мән-мағынасы айтарлықтай ауқымды, ол – елдің, барлық халықтың, әрбір азаматтың мүддесін қорғау дегенді білдіреді.

Қалыптасудың алғашқы жылдарындағы Қазақстан таңдаған мемлекеттік құрылым моделін, яғни – қуатты президенттік билік, оған қоса батыл экономикалық реформаларды әлемдік қоғамдастық лайықты бағалады. Қазақстанның Тұңғыш Президентінің басшылығымен жүргізілген реформалармен синтездеуден туындаған қазақстандық арнаулы қызмет моделі де посткеңестік елдердің қызығушылығын тудырды.

Комитет қызметкерлерімен болған бір кездесуінде Н.Ә. Назарбаев былай деп атап өтті: «… Осы отырған барлығымыз «бір шинельден шыққанбыз» – дәстүріміз болды, оның барлығын қолдандық, бірақ осы түсініктерімізді өзгертуге тура келді. Комитет қызметкерлеріне оңай соққан жоқ. Қазақстандық арнаулы қызметтің жұмысын реттейтін құқықтық базаның жасақталуына ерекше көңіл бөлдім. Ұлттық қауіпсіздік органдары құқық қорғау құрылымдарымен бірлесе отырып, заңның үстемдігін, жеке адамның, қоғамның және мемлекеттің мүддесін қорғауды сенімді түрде қамтамасыз ете білді. Жаңа, тәуелсіз Қазақстанның ҰҚК түбегейлі өзгерісі де осы болды. Қазіргі таңда сіздер ең күрделі деген мемлекеттік міндеттерді шешуге тиіссіздер, ал қауіпсіздік органдарының алдында тұрған ондай міндеттер аз емес. Заманға байланысты жаңа қауіп-қатер түрлері пайда болуда, арнаулы қызмет олардың барлығына тиісінше жауап беруі керек».

Елбасының ерік-жігері мен қолдауының арқасында ҰҚК шешімін күтпейтін мәселелерге күшін шоғырландырып, ыңғайлы құрылым қалыптастыра білді. МҚК-ден үйренетін нәрсені үйренгені де күдік тудырмайды. Жаңа заманның дамуына қайшы келетін нәрселерді өкінбестен өткеннің еншісіне қалдырды. Біз «тарихтың ымырашылдығын» жеңіп, одан әрі адымдап барамыз.

1992 жылғы 13 шілдеде «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қауіпсіздік комитетін Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті етіп қайта құру туралы» Жарлыққа Ел Президентінің қол қоюы отандық арнаулы қызметтің бай тарихының бастауы болды.

**Қазақстан Республикасының Ұлттық Қауіпсіздік Қызметі.**

МЕРЕКЕ МЕЗЕТІ

# «ӘЛЕМГЕ НҰРЫН ШАШҚАН АРМАН ҚАЛА»




**6 шілде күні аудандық «Достық» саябағында Астана күні салтанатты түрде аталып өтті.**

Айтулы іс-шарамыз Қазақстан Республикасының Әнұранымен басталып, мереке ресми түрде ашық деп жарияланды. Бұл күні аудан тұрғындарын құттықтау үшін аудан әкімі Қайрат Қайроллаұлы келіп, барша халыққа ыстық ықыласын білдірді.

- Құрметті мағжандықтар! Сіздерді Қазақстан Республикасының мемлекеттік мерекесі – Астана күнімен шын жүректен құттықтаймын. Біздің басты қаламызға бүгін 25 жыл толғалы отыр. Елордамыз аз ғана уақыт ішінде көптеген көздің жауын алар әдемі ғимараттарымен және саябақтарымен әлі күнге дейін барша халықты тамсандырып келеді.

Құрметті жерлестер!

Бүгінгі мерекеде сіздерге және жақындарыңызға зор денсаулық, табыс, бейбітшілік пен амандық тілеймін, – деді Қайрат Омаров.

Келесі кезекті аудан әкімі құттықтаулар мен алғыс хаттарды табыстауды жөн көрді. Ауданымыздың дамуына үлес қосып жүрген азаматтар мен азаматшаларға аудан әкімінің Алғыс хаттары табыс етілді.

Көп жылдық адал еңбегі, ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлесі үшін, белсенді азаматтық көзқарасы үшін аудан әкімінің алғыс хатымен ауданның ардагерлер кеңесінің төрағасы Оралбай Сағындықов, «Аманат» партиясы филиалының төрағасы Төлеген Әбілсәжінов, Бәйтерек ауылдық округінің әкімі Гүлмира Исмағамбетова, Молодежный орман шаруашылығының орман бастығы Серік Бердіғұлов, Булаев қаласының №12 өрт сөндіру бөлімінің қарауыл бастығы, азаматтық қорғаныстың аға лейтенанты Бауыржан Шерниязов, жер қатынастары бөлімінің бас маманы Анар Исмағұлова, полицияның аға лейтенанты Кирил Кукушкин мен Максим Смолеков және полицияның учаскелік инспекторы, полиция капитаны Бахтияр Жаныбеков марапатталды.

Кешіміз одан әрі жалғасын тауып, жиналған жұртшылыққа бар өнерін аямай шашқан талантты да дарынды әншілер мен бишілер ортаға шығып, барынша кешті жандандырып, көрікті етті.

Еліміздің баянды болашағы бақытты ғұмыры ұзағынан болсын! Татулығымыз ырысты, бірлігіміз көрікті болсын деп тілейміз.

**Қанат ӨТЕМҰРАТОВ.**













# ПӘЛЕН ЖЕРДЕ АЛТЫН БАР...



**Айбек БЕКЕНОВ.**
**43 жаста.**

Осымен үшінші рет пәтер иесі келіп, жалға алу құнының қымбаттағанын айтып кетті. Тапқанымыз онсыз да күнделікті шығындардан артылмай жатқанда мұнысы жығылғанға жұдырық болды. Бірақ соңғы жылдары жақын туысымызға айналып кеткен орыс әжейге де ренжи алмаймыз. Алғашында жағдайымызды түсініп, үш баламызбен 2 бөлмелі пәтерін паналатты. Өзгелер құсап аяқасты есік тарсылдатып, тексеріп келуді білмейді. Пәтерақыны сәл кешіктірсек "үйді босатыңдар" деп басыңа әңгіртаяқ ойнататын әдеті жоқ. Бүгін де айлық төлемнің 20 пайызға өскенін қысыла әрең жеткізді. Олай істегісі келмегені анық. Десе де тұрмыстың өз заңы бар. Бәріміздің санамызды сол билейді. Әйелім екеуіміз ауыр күрсініп, бұған да көндіккендей болдық.

Жоғары қызметі, мол табысы жоқ мен сияқты адамға үлкен қалада бір отбасын асырау оңай емес. Әйтеуір бойымда күш-қуатым, жұмысқа ебім бар. Талай ауыр жұмыстан күс болған екі қолым басқаға жалтақтатқан жоқ. Сол екі қолдан қандай жұмыс келсе, бәрін істедім. Жол салу, аула сыпыру, бай-бағландардың бақшасын күту, сатушы, жүк тиеуші, әйтеуір, хабарландыру тақтасындағы жұмыстардың бәрін істеп көрдім. Қаржы тапшылығынан бірнешеуін қатар алып жүрген кезім де болды. Өстіп жүргенде кейде бірнеше күн қатарынан үйдің бетін көрмей кетемін. Ел қатарлы еңбек демалысын алып, шипажайға бару, шетел көру әзірше орындалмайтын арман сияқты. Осылай үлкен қала мені әбден шыңдап, аңқау жігіттен еңбекқор отағасына айналдырды. Не істесем де тіршіліктің шырғаланынан шыға алмай-ақ қойдым. Өзімді бір жерді айналып жүрген адамдай сезінемін. Ай сайын қайталанатын бір нәрсе. Сонда да тағдырға өкпем жоқ. Қысы-жазы еңбектің отына күйіп, суығына тоңып, біреуден алда, біреуден кейін өмір сүріп жатырмыз. Жаз шыға екі кішкентайымызды үлкен ұлдың қарауына тастап, әйелім де жұмысқа шығып көріп еді, үйдің қамымен қайта-қайта сұрануы көп болды. Жұмысынан береке кетті.

Бұл жолғы қымбатшылық жанымызға қатты батты. Қанша үнемдесек те, қысқа жіп күрмеуге келмейді. Бұлай әрі қарай жалғаса алмайтынын түсіндім. Ендігіде айлығы көп жұмыс іздеуге тырыстым. Іздеген жанға кәсіптің түрі көп екен. Алайда қай-қайсына баруға да жүрегім дауаламайды. Сұрастыра келе мен сияқты адамға ең дұрысы шетелдегі жұмыс екенін анықтадым. Шекараның арғы жағынан тауар әкеліп, сауда жасап жүргендер көп. Бірақ бүгінде елдің бәрі алыпсатар болып кетті ғой. Әрі мұндай кәсіпті бастауға қол қысқа. Енді біреулер шетел асып, қара жұмыс істейді екен. Сондағы табысы біздікінен бірнеше есе көп. Жат жұртта жүріп көлік алып, үйлі болғандар да баршылық. Тіл білудің де керегі жоқ. Өткенде бір танысым шығыстағы бір елге барып, құрылыста еңбек етті. Бағы жанып, біршама ақшамен оралды. Алғаш естігенде мен де елең ете қалғаныммен, қатты мән бере қоймап едім. Енді ойланып отырсам, осыдан артығы жоқ екен. Осы жайлы әйеліме айтып көріп едім, алғашында қабақ шыта қарағанымен қаржылық жағдайымызды еске алып, амалсыз келісті.

Мен бұдан әрі уақыт жоғалтқанның мәнсіз екенін түсініп, шетелде жұмыс істеуге апаратын делдалдарды іздедім. Ондайлардың жарнамасы ғаламторды жаулап алыпты. Біразының бағасы тым төмен, ұсыныстары күмәнді. Аз уақыт жұмыс істеген соң шетел азаматтығын алуға жәрдемдесетіндер де бар екен. Ақыры бәрін қарай келе Еуропадан жұмыс тауып беретін компаниямен келістім. Менімен сөйлескен қызметкері айлық табыстың 1 миллионнан кем болмайтынын, егер жақсы жерге орналассам, одан да көп ақша табуға болатынын, компания виза жасап, жұмыс берушімен әңгімелесу жүргізетінін сондай әсерлі баяндап берді. Бір сәтке өзімнің қарт құрлықтың төрінде саяхаттап жүргенімді елестетіп кеттім. Бірақ бұл қызметтің ақысы да арзан емес екен. Әрі мен жоқта пәтерақы мен отбасымның ішіп-жеміне де біраз ақша керек. Өмір бойы алақан жайып көрмеген мен алыс-жақындағы таныстарыма хабарласып, біраз қаржының басын құрағандай болдым. Оның бәрін Еуропадан табысты оралған соң қайтаратыныма сенімдімін.

Құжаттарымды рәсімдеп, жұмыс берушілермен келіскенше бір айдай уақыт өтіп кетті. Бір айда әйелім осы шешіміме әбден көндіккендей болды. Десе де мен үшін алаңдайтыны анық. Қимастығы да бар. Онысын ашық айтпаса да жүзінен байқаймын. Жадырап отырып, аяқасты қабағы түйіліп, ойға батып кетеді. Оң-солын тани бастаған үлкен ұлым да бәрінен хабардар.

– Әке, сен неге алысқа кетейін деп жатырсың? –дейді маған.

– Ол жақтан ақша әкелемін.

– Көп ақша әкелесің бе? – дейді кішкентайынан тұрмыстың қиындығын бізбен бірге көріп өскен естияр ұл.

– Көп әкелемін.

– Сосын маған жаңа велосипед аламыз ба?

– Аламыз.

– Онда мен сені қатты күтетін боламын.

Мен аттанардың алдында үйде осы мәндегі әңгіме жиі айтылатын болды. Кішкентайлар мен дүкенге кетіп бара жатқандай өз керектерін тізіп беріп жатады. Осынша көп уақытта сағынатындарын да жасырмайды.

Күн артынан күн өтіп, аттанатын сәт те келді. Отбасыммен қоштасып, бәрі жақсы болатынына сендіріп, жүріп кеттім. Бұған бәріміз іштей дайын болған соң қатты толқи қойған жоқпын. Әуежайда өзім сияқты бір топ адам жиналып қалыпты. Бәрінің жанарында қуаныш пен үрей қатар тұр. Байқасам, бәрі де өзіммен тағдырлас жандар екен. Өзім сияқты тауқыметті тағдыр кешіп, арманы жетелеп алысқа ұшпақ болып тұрғандар. Көп өтпей ұшаққа отырып, көкке көтерілдік. Өзім өз болғалы ұшаққа мінгенім осы екен. Ел ішінің өзінде бірнеше қаланы ғана көрген басым енді шетел асып барамын. Мен бұл таңдауымның бар тәуекелі мен ауырлығын енді ғана сезгендей болдым. Жол ұзақ. Өткен кеткенді еске алып, жаңа жұмыс орным, тапқан табысымды ойлап уақыт өткіздім. Ол жақтың адамдары қандай болады екен? Еуропалықтарды салқын ақылға бағынатын, сезімге беріле қоймайтын жұрт деп естуші едім. Соған қарағанда жаттығы бірден байқалатын шығар. Туған елді, өз ортамды сағынатыным анық. Мал табу үшін шыққан соң ондайға мән бермеуге тырысу керек…

Ұшақ ары-бері шайқалып, жұрт абыр-сабыр болып жатқанда ояндым. Әуе көлігі қонуға беттепті. Келген бетіміз – Англияның Лондон шаһары. Баламның ағылшын тілі оқулығында бейнеленген дәл сол Лондон. Бір кездері жарты әлемге әмір жүргізген Ұлыбритания дейтін алып империяның жүрегі. Ұлы десе дегендей ел екен. Әйтпесе біз сияқты шеттегі ағайын қара жұмысының өзіне құлшынып тұрмас еді ғой. Империяның айбыны қайтса да, қауқары сол қалпы.

Әуежайға кіре сала бәріміз мектепке жаңадан келген баладай абдырап тұрып қалыппыз. Айналамыз ары-бері ағылған адам. Бір аттасақ қалың нөпір бірге алып кетіп, адастырып жіберетіндей. Әлемнің әр түрлі тілінде өзіміз өмір бойы естімеген сөздер құлаққа шалынады. Арасында саяхаттап жүрген қалталы қаракөздеріміз де бар ма деймін. Түсініксіздіктен үрейленген біз тобымыздан ажырап қалғымыз келмей бір жерге үйысып тұрмыз. Айналаға жалтақтай қарап, бір бұрышта жиналып қалған бізді табу қиынға соқпаса керек, көп ұзамай келісілгендей бір жігіт келіп ертіп кетті. Сол кеткеннен бірден қаладан ұзап, әлдебір алыс жаққа аттандық. Алдымен қаланы аралап, әлемдік архитектураның шыңы саналатын ғимараттарды көру туралы арманымыз әуежайдың күту залында қалды. Осында болатын үш айда бір жолымыз түсер деп келеміз.

Кешке таман шаршап-шалдығып, жеттік ау. Біздіңкідей маңайында мал өріп, көшесінде бала шулап жүретін ауыл емес. Көшелері мұнтаздай таза, жолдары тақтайдай, үйлері қаз-қатар тізілген әдемі елді мекен. Одан әрі бірнеше шақырым жерде үлкен орман бар. Бұл орманның алдағы бір айда менің жұмыс орным болатынын кейін білдім. Үлкен автобус өзім көрген әдемі үйлердің біріне емес, шеттегі төрт бұрышты шағын ғимараттардың алдына тоқтады. Әкелген адам қайда тұратынымызды, мұндағы тұрмыстың жайын түсіндіріп жатыр. Кейін осындағы ферманың иесі де келді. Біз сияқтыларды бұрын да жұмысқа алған болу керек, салқын қарсы алды. Көп елдің азаматымен істес болып, анау жуан қолымен бірталай шаруаны шешкені көрініп тұр. Үйге кірмей жатып жалға алу ақысының қанша болатынын айтып үлгерді. Оның үстіне күнделікті тамағымызға шығындалады екенбіз. Демалатын жеріміз де тек ұйықтауға ғана арналғандай, басы артық жиһаз жоқ. Жуынатын, тамақ ішетін бөлмелердің де жайы жүдеу. Бірақ қос білекті түріп келген соң әр нәрсеге көз қадап, шағым айтып жататындай емес.

Екі ел арасындағы уақыт айырмасы бар, жолдан шаршағанымыз бар келесі күні ұйқыдан әрең тұрдық. Қос тілді қатар білетін біреу біраздан кейін басымызды қосып, жұмысқа алып кетті. Сөйтсек, кешегі орман дегеніміз, ферма иесінің алма бағы екен. Біз соның жемісін жинауымыз керек. Иығымызға үлкен дорба артып, қатар өскен ағаштарды жағалап кеттік. Алғашында бәрі оңай сияқты көрінді. Қызарған жұдырықтай алмаларды үзіп алып, дорбаға тастап жатырмыз. Біраздан кейін бел ауырып, қолымыз тала бастады. Күн ұзаққа далада жүріп, жеміс теріп, жүк көтеру оңай емес екен. Алғашында жылы сөйлеп "әу" дейтін бастығымыз кейін "әй" дейтінді шығарды.

Осындай еш қызығы жоқ 30 күн өте шықты. Бұл жұмысқа бой үйретіп, енді кірісе бастаған бізге қиын болды. Осымен күз келіп жұмыс біткенін айтқан қолдары балғадай ағылшын қожайын еңбекақымызды бір тиынына дейін алақанымызға ұстатып шығарып салды. Бұның өзі аз ақша емес. Бұрын мұндай қаражат үш айда қолға әрең түсетін. Енді бір айда тауып отырмын. Алда әлі екі ай бар. Оны да пайдамен өткізбекке ниеттеніп, қайта Лондонға жеттік. Бір қиыны мұнда ешкім бізді күтіп алып, жұмыс тауып берген жоқ. Жұмыстан бұрын баспана табу да мұң. Бір аптадай қонақүйге тұрақтап, арзан үйді әрең таптық. Оның өзі бір бөлмесіне жұмыс іздеп келген ондаған адам жиылған тар баспана. Сосын қасымдағылармен қаланы аралап кеттім. Әр жерде бір суретке түсіп, дәмханадан дәм таттым, өмірдің бар қиындығын ұмытып саяхаттап жүрмін. Алыстағы байтақ елдің байыпты тіршілігінің қызығы мол. Осылай бір аптада фермадан тапқан ақшам орталанып қалыпты. Екі айда тағы жұмыс істеп орнын толтырармын деп қоямын.

Аз демалыстан соң өз бетіммен жұмыс іздей бастадым. Хабарласқан адамға үйренген бірнеше сөзімді айтып, сөйлескен боламын. Ақыры біреу құрылысқа алатын болып келісті. Барсам, ондағы құрылыс біздегідей шаңы бұрқылдап, жұмысы қызып жатқан жер емес екен. Тап-таза жұмыс киімін кигендер ұсақ-түйек бірдеңелерді істеп жүр. Маған да алғашында сондай жұмыстың бірі бұйырды. Елде талай кірпіш қалап, төбе жауып жүрген мен бұны місе тұтпай, ақшасы көптеу қиын жұмысқа ауыстым. Егеміз де бұрынғыдай сұсты адам емес, жүзі ашық жан. Тапқанымды күнделікті алып тұрамын. Оның алған күйінде мұртын бұзбай шотыма саламын. Осылай бір ай өтіп, біздікімен бірнеше миллион жинаған кезде, құрылыс иесі шала бүлініп ақшаны күнде емес айдың соңында төлейтін болды. Мұндай әңгелі елде алаяқтық атаулы жоқ деп жүрген мен оған да келістім. Лондонның бір ауданындағы жаңа құрылыста тағы бір ай тер төктім. Үйде болсам да істейтінім осы жұмыс. Мұнда да екі қолым жерге қаратқан жоқ.

Шеттегі жұмыстың көлеңкелі тұсы мен кетердің алдында басталды. Ай соңында алақанымды майлаймын деген жігіт мәселені бұлғаққа салып, созып жіберді. Ақыры кетер күнге дейін ештеңе төлей алмайтынын ашық айтты. Менің ойыма да кіріп шықпаған өздерінің заң талаптары мен тәртіптерін айтып сендірді. Арнайы жасалған келісімі жоқ менің оған сенбеске лажым қалмады. Барып жәрдем сұрайтын ешкімім жоқ. Бұл елге күн сайын мен сияқты мыңдаған адам келеді. Солардың бәріне бақылау жасап, кім тексеріп жүреді дейсің? Ақыры жұмыс берушімнің ақшаны мен елге жеткен соң шотыма жіберемін деген жалаң уәдесін медет тұтып ұшаққа отырдым. Қазақстаннан ұшар сәтте көңілде үрей болса, енді күдік басым. Егер айлығымды ала алмасам, үйге не деп барамын. Оның үстіне қала кезіп жүріп біраз қаржыны жұмсағаным тағы бар. Ал өзімде бары әрі асса қарыздарымды жабуға ғана жетер. Жол бойы осындай ой тыныштық бермеді. Қасымдағы жолдастарым күніне 12 сағаттан еңбек етіп, бірнеше жылда табатын ақшаның басын құрап алды. Мен де олардай болмасам да тырысып бақтым. Ақыры әлдебір алаяққа кездесіп, жем болдым. Мен өзімнің еш кеткен еңбегім үшін емес, жақындарымның сенімін ақтай алмағаным үшін қиналамын. Олар маған қолдағы барын беріп алысқа аттандырғанда, саяхаттан келгендей болып қалай басымды салбыратып алдына барамын?

Осындай ой үстінде бір күн ұшып-қонып жүріп үйге де келдім. Үй іші мәз-мейрам болып құрақ ұшып жүр. Үш айда жақындарымды мен де сағынып қалыппын. Кейін шотымдағы ақшаны есептеп қарасам, Англияға бару үшін алған қарыздарымды жапқаннан артылмайды екен. Егер сақ болып, еңбекақымды ала алсам, үйдегілерді де қуантар едім. Бәрібір мен үшін шетелдің жұмысы табысты болған жоқ. Түйгенім, қандай ақша тапсаң да жақындарыңның қасында болғаннан артығы жоқ екен. Аз уақытта қалталы боламын деген армандарымның күлі көкке ұшты. Бәрібір айналып келіп, бұрынғы қалыпты тіршілігіме оралдым. Ұрынған сәтсіздігімді жарым түсінер, бірақ менен уәде еткен бағалы базарлық күтіп отырған балаларыма не демекпін?

Не десек те тірі адам тіршілігін істейді. Шетел асып елге кебінмен оралып жатқандар, сол жақта хабар-ошарсыз кеткендер қанша? Ең бастысы үйіме аман-есен оралдым. Біреуге жем болсам да қолымнан келгенше еңбек еттім. Бас аман болса, бөрік табылар дегендей әлі де еңсемді түсірмей, отбасым үшін қолдан келгенін істей беремін.

***Диас АЯҒАН,***
**"Soltüstık Qazaqstan".**

АЗАМАТТАРДЫҢ НАЗАРЫНА!

# ЖАҢА ЦИФРЛЫҚ ҚҰЖАТ EGOV MOBILE МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАСЫНДА ҚОЛЖЕТІМДІ




*EGov Mobile мобильді қосымшасында жаңа цифрлық құжат – «Колледж дипломы» қолжетімді.*

Колледж дипломы - арнаулы орта білімнің бар екендігін куәландыратын құжат. Енді сіз осы цифрлық құжатты eGov Mobile қосымшасы орнатылған смартфонмен электронды түрде ұсына аласыз.

«eGov mobile қосымшасының жетістіктерінің бірі – «Цифрлық құжаттар» сервисі болып саналады. Осы сервистің көмегімен қолданушылар цифрлық құжаттарды әрқашан ұялы телефоннан көрсете алады. Енді колледж түлектері eGov Mobile қосымшасы арқылы құжатты цифрлық форматта қолдана алады. Осыған дейін eGov mobile пайдаланушылары үшін жоғары оқу орындарының дипломдары мобильді қосымша арқылы қолжетімді болды. Бұл қажетті құжаттарды алу және ұсыну процесін едәуір жеңілдетеді», - деп атап өтті «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ Басқарма төрағасы Ростислав Коняшкин.

Цифрлық құжатты қолдану үшін eGov mobile қосымшасының басты бетінде «Цифрлық құжаттар» сервисін таңдау керек. Пайдаланушы құжатпен QR код немесе 6 таңбалы код арқылы бөлісе алады. (1-сурет).

Цифрлық құжат - түпнұсқа құжаттың аналогы. Қазіргі уақытта «Цифрлық құжаттар» сервисінде 27 құжат қолжетімді: оның ішінде жеке куәлік, жүргізуші куәлігі, ҚР азаматының паспорты және басқалары бар.

Сіз мобильді қосымшаны iOS жүйесінің пайдаланушылары үшін App Store платформасынан, сондай-ақ Android жүйесінің пайдаланушылары үшін Play Market және App Gallery-ден жүктей аласыз.

Қызмет ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің, ҚР Оқу-ағарту министрлігі және «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ жұмысының арқасында іске асырылды.

**Айгерім БАЙКЕН.**

# «ҚАУЫРТ ЖЕЛІ» ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ

## ҚҰРМЕТТІ МАҒЖАНДЫҚТАР!

«Мағжан жұлдызы» газетінің ұжымы аудан тұрғындарына газет беттерінде «Қауырт желі» айдары жұмыс істейтінін хабарлайды. Айдар жасаудың мақсаты: газет беттерінде сіздің мүдделеріңізді мүмкіндігінше толық көрсету. Сіз өз сұрақтарыңызды, ұсыныстарыңызды, жергілікті атқарушы органдардың, кәсіпкерлік құрылымдардың жұмысы және басқа да өмірлік маңызды мәселелер бойынша ескертулеріңізді жолдай аласыз. Газет арқылы халық пен билік арасында байланыс орнатылады. Келіп түскен барлық сұрақтарға атқарушы биліктің тиісті құрылымдары мен қоғамдық ұйымдардан құзыретті жауаптар берілетін болады. Редакция әрқайсыңыздың сұрақтарыңызға тиісті жауап алуына септігін тигізетін болады.

Сұрақтарды magzhan.zhuldizi@yandex.kz e-mail электрондық поштасына, 8-771-263-27-99 WhatsApp нөміріне немесе жазбаша түрде Булаев қаласы, Батыр Баян көшесі, 13 үй мекенжайы бойынша «Мағжан жұлдызы» газетінің редакциясына жолдауға болады.

Жазыңыздар, қоңырау шалыңыздар, сұраңыздар, Сіздердің мәселелеріңіз жауапсыз қалмайды.

# 2023 ЖЫЛДЫҢ 3-ШІ ТОҚСАНЫНДА АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мағжан Жұмабаев ауданы ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы - Нұрқайдарова Сәуле Еркінқызы айдың әр сейсенбісі және бейсенбісі күндері сағат 10.00-ден 12.00-ге дейін қабылдайды. Мекен жайы: Булаев қаласы, Юбилейная көшесі, 56, 2-20-90.

Мағжан Жұмабаев ауданы Бастомар ауылдық округінің әкімі - Қайыржанов Марат Қанатұлы бейсенбі күні сағат 09.00-ден 18.00-ге дейін қабылдайды. Мекен жайы: Бастомар селосы, тел. 3-57-33.

Мағжан Жұмабаев ауданы Алтын дән ауылдық округінің әкімі - Форш Валерий Яковлевич апта сайын сәрсенбі, жұма күндері сағат 10.00-ден 12.00-ге дейін қабылдайды. Мекен жайы: Советское селосы, тел. 3-69-70.

Мағжан Жұмабаев ауданы Авангард ауылдық округінің әкімі - Конюшевский Александр Андреевич әр аптаның сәрсенбі, бейсенбі күндері сағат 09.00-ден 13.00-ге дейін қабылдайды. Мекен жайы: Полтавка ауылы, тел. 2-71-33.

## СЕНІМ ТЕЛЕФОНДАРЫ

**Жеке және заңды тұлғалардың заңды құқықтары мен мүдделерін қорғау, сонымен қатар аудандық атқарушы органдарының атқарушы тарапынан Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексін сақтамау жағдайлары мен лауазымдық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы құқық бұзушылығын анықтау мақсатында мына сенім телефоны бойынша ақпараттандыру қажет:**

«Мағжан Жұмабаев ауданының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» КММ - **8(71531) 2-20-90.**

«Мағжан Жұмабаев ауданы Бастомар ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ - **8(71531) 3-57-33.**

«Мағжан Жұмабаев ауданы Алтын дән ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ - **8(71531) 3-69-70.**

«Мағжан Жұмабаев ауданы Авангард ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ - **8(71531) 2-71-33.**

ҚАЗГИДРОМЕТ ХАБАРЛАЙДЫ!

# ТАҒЫ ДА АПТАП ЫСТЫҚ...

*Синоптиктердің болжамына сенсек, еліміздің басым бөлігінде 11-13 шілде күндері күн тағы да қатты ысиды. Алдағы тәуліктерде ел аумағы арқылы Батыс циклоны өтеді.*



Елдің батысында, одан кейін солтүстігінде және орталығында найзағай ойнап, бұршақ жауып, екпінді жел соғады. Республиканың шығысында, оңтүстігінде және оңтүстік-шығысында антициклонның күшеюімен жауын-шашынсыз ауа райы сақталады. Осы кезеңде солтүстікте, орталықта, 11-12 шілдеде солтүстік-батыста, 12-13 шілдеде оңтүстікте, 13 шілдеде оңтүстік-шығыста 43 градусқа дейін өте қатты ыстық болады.

Күннің қатты ысуы жағдайында өрт қаупі күшейетіні белгілі. Маусым басында Абай облысында орын алған, адам шығынына әкеліп соққан алапат өрттің жалыны жүрегімізде әлі басыла қойған жоқ... Жоғары температура адамдарға да кері әсер етеді. Аптап ыстық барлық адам үшін ең алдымен, қауіп тобына жататын тұлғалар үшін қауіпті.

Егде адамдар, жүкті әйелдер, жаңа туған нәрестелер, сәбилер, созылмалы аурулары (жүрек-қан тамыр, несеп шығару жүйесі, тыныс алу ағзалары, зат алмасу бұзылыстары) бар тұлғалар, қимыл-қозғалысы шектеулі және ақыл-ой бұзылыстары бар тұлғалар, дәрі-дәрмек қабылдайтын, далада жұмыс істейтін және физикалық жаттығулармен айналысатын адамдар, сондай-ақ халықтың үйсіз-күйсіз немесе жағдайы төмен топтарындағы адамдарда ыстық өтіп ауыру қаупі жоғары болады. Осыған орай Төтенше жағдайлар департаментінің өкілдері барлық жауапты орындарды аптап ыстыққа байланысты бірқатар сақтық шарасын мүлтіксіз орындауға, тұрғындарды өз денсаулығына мұқият болуға шақырады.

Дала және орманды жерде ыстық, құрғақ, желді ауа райы кезінде от жағуға болмайды. Екіншіден, үй маңында, саяжайда жиналған қоқыс пен қураған шөпті жаққан кезде қауіпсіз арақашықтықты сақтау керек. Ол 50 метрді құрайды. Сонымен қатар жанған отты қараусыз қалдыруға және оны бақылауды балаларға тапсыруға болмайды.

Өрт қаупіне байланысты қалалы жерлерде, далалы аймақтарда бірқатар шектеу енгізілген. ТЖД қызметкері халық арасында кең, жан-жақты түсіндіру жұмыстарын жүргізуде.

Төтенше жағдайлар министрлігі ыстықтан сақтану үшін азаматтарға, аса қажеттілік болмаған жағдайда, далаға шықпауға кеңес береді, сондай-ақ ағзаны сусызданудан қорғау үшін көп су, күніне кемінде 1,5-3 литр сұйықтық ішу керек, аптап ыстықта кез келген физикалық белсенділіктен бас тартыңыз, күндіз күн сәулесі бөлмеге түспеуі үшін терезелерді ашық реңкті перделермен жабыңыз, күн өтпес үшін бас киім, ашық ауа өткізбейтін киім (мақтадан жасалған) киіңіз. Ыстық ауа райында балаларға ерекше назар аударып, сақ болыңыз.

Қазір – жазғы демалыс кезеңі. Осыған байланысты тұрғындардың табиғат аясына шығу фактілері үрдіс алуда. Табиғат аясына барған кезде міндетті түрде қарапайым қауіпсіздік ережелерін сақтау қажет. Табиғи өрттердің орын алуының негізгі себептері – халықтың отты абайсыз пайдалануы, сөндірілмеген темекі, алау, жанған сіріңке, майлы немесе тозығы жеткен шүберек, шыны бөтелке, көлік құралының сөндіргішінен ұшқыны, құрғақ шөптің жағу, найзағай.

Сондай-ақ қызмет бабындағы адамдардың да сақтық шараларын қатаң ұстанғаны жөн. Кеңсеге даладан ыстықтап, терлеп кірген бойда кондиционер астына отыруға болмайды. Бұл радикулит пен пневмонияға шалдығу қаупін арттырады. Күн қаншалықты ыстық болса да, кондиционерді 18 градустан төмен түсірмеу керек. Дала мен ғимарат ішіндегі температураның айырмашылығы 10 градустан аспауы тиіс. Сондай-ақ кондиционер жұмыс істеп тұрған бөлмеде екі сағаттан артық отыруға болмайтынын естен шығармаған дұрыс. Үйде де, кеңседе де ауаның құрғап кетуінен сақтану керек. Ол үшін бір ыдысқа су құйып, бетін ашық қалдыруға болады.

Көптеген қала тұрғыны күн ыстық кезде қаладағы субұрқақтың маңайын паналауға құмар. Тіпті кішкентай балалардың субұрқаққа шомылып жүретінін де байқауға болады. Мамандар мұның дұрыс емес екенін айтады. Себебі субұрқақтағы суда вирустар, адам үшін зиянды микроорганизм көп болады. Сонымен қатар бұрқақтарға суға түскенде дизентерияны, ішек инфекцияларын және А гепатитін жұқтыру қаупі жоғары. Сондай-ақ ондағы су тұйық жүйеде айналғандықтан, жан-жануарлардан қалған гельминт жұмыртқаларының жұғуына себеп болуы мүмкін.

Ғалымдар алдағы уақытта ғаламшарда адам төзгісіз ыстық болатынын мәлімдеп отыр. Олардың айтуынша, Жер ғаламшарында климат шамалы жылынғанның өзінде оның арты температураның барынша жоғары көтерілуіне алып келеді. Айталық, жақында Канаданың Литтон ауылында 49,6 градустық ыстық болды. Ғалымдар мұндай ыстық мың жылда бір рет қайталанатынын айтады. Бұған қоса, жаһандық жылыну да жағдайды қиындата түседі. «Климаттың жылынуы экстремалды аптап ыстықтың келуіне әсер етті. Біз мұндай ыстық тек алдағы уақытта болады деп ойлаған едік», дейді Оксфорд университетінің ғалымы Фредерике Отто. Нидерландылық зерттеуші Сьюкье Филипптің пікірінше, енді мұндай аптап ыстық жиі қайталанады. Ал егер планетаның температурасы 2040 жылға қарай тағы екі градусқа көтерілсе, онда әлемде алапат өрт пен түрлі зілзала көптеп орын алуы мүмкін.

Аптап ыстық қашанда, қай жағынан да – үлкен сын. Сондықтан одан бұқара боп сақтанған жөн.

# ЖЕҢІЛДЕТІЛГЕН НЕСИЕ ШАРТЫ

**Ауыл шаруашылығы министрлігі агроөнеркәсіп кешенін қаржыландыруға арналған несие беру тәртібін жария етті. Қазір құжат жобасы Ашық үкімет порталында талқылауға ұсынылған.**

Жаңадан кәсіп ашқан, не байырғы кәсібін кеңейткісі келген ел азаматтары енді бұл мақсаттары үшін несие ресімдей алады. Әсіресе сүт-тауарлық фермаларына (400 бастан басталады), ет өндіретін құс фабрикаларына (жылына 5 мың тонна құс еті), көкөніс сақтауға (1000 тоннадан бастап), сондай-ақ заманауи су үнемдейтін технологияларды пайдаланатын суармалы егіншілікке (картоп, көкөніс, мал азығы) айрықша басымдық беріледі.

Қаржыландыру республикалық немесе жергілікті бюджет есебінен жүзеге асырылады. Жобаға сәйкес, жергілікті атқарушы орган 10 жылға жылдық 0,1 пайыздық сыйақы мөлшерлемесімен несие ұсынады. Негізгі қарызды өтейтін жеңілдік кезеңі 24 айдан аспайды. Бюджет несиесін игеру кезеңі – 12 ай.

Министрліктің түсіндіруінше, әкімдіктер фермерлерге несие беру үшін тексерілген агенттерді пайдаланады. Бұл ретте несие беру мерзімі 10 жылды құрайды, ал ең жоғарғы сома – 5 млрд теңге. Сыйақының номиналды мөлшерлемесі жылдық 2,5 пайыздан көп емес. Ең басты талап – кепіл мүліктің болуы. Өз қызметі үшін агент қандай да бір комиссия, жарна немесе басқалай төлем талап етпейді.

Кредиттеу бағдарламасына қатысушыларды іріктеу үшін басты критерий – импортты алмастыруды ескере отырып өңір халқын сапалы және қолжетімді азық-түлікпен қамтамасыз ету, уақытша және тұрақты жұмыс орындарын құру, ауыл халқының табысын арттыру шеңберінде жобалармен ынтымақтастық және кооперация болмақ.

Сонымен бірге әлеуетті қарыз алушы өндіріс немесе ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу саласында 5 жылдан кем емес уақыт жұмыс істеген болуға тиіс.

**Абай АЙМАҒАМБЕТ.**

Директор - бас редактор Неля ГОНЧАР

Газеттің меншік иесі: «Газета «Вести» ЖШС

Редакцияның мекен жайы: 150800 Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы, Булаев қаласы, Батыр Баян көшесі, 13 үй. Тел: 2- 17- 49. Басылым индексі 65360 e- mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz

Газет аптасына 1 рет бейсенбі күні шығады

«Magjan juldyzy» газеті редакцияда терілін беттелді. «Северный Казахстан» баспаханасында басылды. (Петропавл қ., Кошуков к-сі, 5 үй). Таралымы - 685

Газет аудан әкімінің, аудандық мәслихаттың тапсырысы бойынша шығарылады және газеттер арқылы мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізудегі ресми басылым болып табылады

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 2018 жылы 11 желтоқсанда есепке алынып, №17395- Г куәлігін алған. Жарнаманың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Редакцияға жолданған қолжазбалар, хаттар «Мағжан жұлдызы» газетінің меншігіне айналады, рецензияланбайды, қайтарылмайды. Газетті жеткізіп беру мәселері жөнінде 2- 17- 80 телефоны бойынша аудандық пошта торабына хабарласуға болады